



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары –  
«Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшелеріне***2021 жылғы 21 сәуірдегі  
№ ДС-152 хатына***Құрметті депутаттар!**

Сіздердің асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға қатысты жазған хаттарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Мал шаруашылығы секторын жүйелі қолдауды жүзеге асырудың нәтижесінде соңғы жылдары асыл тұқымды мал басының да, ауыл шаруашылығы малдарының тауарлық басының да тұрақты өсуі байқалады.

Бүгінгі күні асыл тұқымды малдың үлес салмағы өсуінің оң серпіні сақталуда. Мысалы, егер 2010 жылдың 1 қаңтарына шаруашылықтың барлық санаттарындағы асыл тұқымды ірі қара малдың (бұдан әрі – ІҚМ) саны 344,1 мың басты құраса немесе асыл тұқымды малдың жалпы мал басына шаққандағы үлес салмағы 2,9% құраса, 2021 жылдың 1 қаңтарына шаруашылықтың барлық санаттарындағы асыл тұқымды ІҚМ саны 978,6 мың басты құрады немесе асыл тұқымды малдың жалпы мал басына шаққандағы үлес салмағы 12,5%-ға дейін өсті, оның ішінде негізгі мал басы қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарына тиесілі.

Репродуктор шаруашылықтар арқылы жыл сайын 109 мыңнан астам асыл тұқымды төл еліміздің фермерлік шаруашылықтарына өткізіледі.

Сондай-ақ асыл тұқымды ұсақ мал басының (бұдан – ҰМ) да өсуі байқалады, мысалы соңғы 10 жылда асыл тұқымды ҰМ саны 959,5 мың бастан 2 725,7 мың басқа жетті немесе 139,1%-ға өсті, асыл тұқымды жылқы саны 109 мың бастан 225,7 мың басқа жетті немесе 207,0%-ға өсті.

Сонымен қатар, соңғы жылдары етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды пайдалана отырып, ІҚМ-нің аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс бағдарламасына (тұқымдық түрлендіру) қатысушы шаруашылықтар санының өсуі байқалады.

Мысалы, 2016 жылы ІҚМ тұқымдық түрлендірумен айналысатын шаруашылықтардың саны 15,8 мың бірлікті құрады, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 25,3 мың фермерлік шаруашылық тұқымдық түрлендірумен айналысуда.

Айта кету керек, мемлекеттік қолдау шаралары есебінен ұйымдастырылған шаруашылықтарда мал өнімділігінің өсуі байқалады, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы малдың орташа тірідей салмағы соңғы бес жылда 2,5%-ға немесе 400 кг-нан 411 кг-ға дейін өсті.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау жеңілдетілген шарттармен кредит беру тетіктері арқылы да, субсидиялау арқылы да жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, сатып алынған асыл тұқымды жануарлардың құнын және селекциялық асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге арналған шығындарды арзандатуды субсидиялау құралдары арқылы төмендету, бұл ретте сатып алынған отандық малдың да, шетелдік малдың да құны субсидияланады.

Тауарлық және асыл тұқымды малдың импорты отбасы үлгісіндегі кеңейтіліп келе жатқан шағын және орта фермерлер класын малмен қамтамасыз етуге арналған. Шетелдік селекцияның асыл тұқымды ІҚМ асыл тұқымдық басын әкелуді субсидиялау есебінен бүгінгі күні асыл тұқымды мал басының үлесі айтарлықтай артып, ІҚМ жалпы басының көрсеткіші жоғарыда көрсетілген 12,5%-ды құрады.

*Тауарлық сүт фермаларын (ТСФ) салу, мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға қатысты.*

2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы мал басы 16,8 мың бас ірі қара мал және өндірістік қуаты жылына 102,6 мың тонна сүт болатын 49 өнеркәсіптік және отбасылық ТСФ пайдалануға берілді, оның ішінде жалпы мал басы 13,6 мың бас ірі қара мал және өндірістік қуаты жылына 92,4 мың тонна сүт болатын 19 өнеркәсіптік ТСФ.

Пандемия жағдайында Үкімет ТСФ ашу және жаңғырту үшін бар күшін салды. Мысалы, Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары шеңберінде импортталған асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу үшін субсидиялау нормативтері бір басқа 225-тен 400 мың теңгеге дейін, отандық мал басын – 150-ден 200 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, сүттің құнын арзандату үшін өндірілген өнімнің бір килограммы үшін субсидиялау нормативі енді 20-дан 45 теңгеге дейін құбылады. Бұған дейін фермер бір килограмм сүт үшін 10-35 теңге қолдауға үміттеніп алатын.

Қазіргі заманғы ТСФ ашуды ынталандыру үшін өткен жылы техника мен жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарына жұмсалған шығындардың 25%-ын өтеу енгізілді. Бұдан басқа, 6% сыйақы мөлшерлемесімен және 10 жылға дейінгі мерзіммен өнеркәсіптік тауарлық сүт фермаларының құрылысын жеңілдікпен қаржыландыру іске асырылуда.

*ТСФ құрылысына кредит беру мөлшерлемесін төмендетуге және кредитті өтеуге жеңілдік кезеңін енгізуге қатысты.*

Бүгінгі күні баға белгілеу кезінде кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесі қарыз қаражатының, әкімшілік шығыстардың, кредиттік тәуекел үшін үстемеақылардың және рентабельділік маржасының құнына қарай белгіленеді.

Айта кету керек, асыл тұқымды ІҚМ сатып алуға арналған бағыттар, сондай-ақ ТСФ құрылысы нарықтық жағдайларда коммерциялық азық-түлік желілері бойынша қаржыландырылады. Осы азық-түлік желілерінің бағасын

белгілеу фермер үшін қорландырудың қолайлы мөлшерлемесін алу мақсатында қарыз капиталының құнына және өз қаражатымен араластыра отырып тартылған қаражат көздеріне тікелей байланысты.

Осыған байланысты, осы бағдарламаларды іске асыру үшін кредит беретін ұйымдар жеңілдік кезеңін алмастан капитал нарықтарынан қаражат тартуға жүгінеді. Бұл ретте, капитал нарығының ағымдағы нарықтық конъюктурасын ескере отырып, қарыз алудың орташа құны қазіргі уақытта жылдық шамамен 12-13%-ды құрайтынын атап өту қажет.

Осыған байланысты, кредит беру мөлшерлемелерін белгілеудің осы саясатын назарға ала отырып, ТСФ құрылысына кредит беру мөлшерлемесін төмендету мүмкін емес.

Қазіргі уақытта қолданыстағы «Сыбаға», «Агробизнес», «Ырыс» кредит беру бағдарламаларында негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша мынадай жеңілдікті кезеңдер көзделген:

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша - 30 айдан артық емес;

«Агробизнес» бағдарламасы бойынша - 24 айдан артық емес;

«Ырыс» бағдарламасы бойынша - 24 айдан аспайды.

Бұл ретте жеңілдікті кезең кредиттік жүктеме мен өзінің кредиттік міндеттемелерін өтеу мүмкіндігін ескере отырып, өндірістік циклдің және мал шаруашылығының технологиялық процесінің белгіленген нормалары мен мерзімдерін негізге ала отырып белгіленді.

Осылайша, технологиялық процесті дұрыс ұйымдастырған және бағдарламалардың негізгі талаптарын сақтаумен жеңілдікті кезең оңтайлы болып табылады.

**Р. Скляр**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан –  
членам фракции  
партии «Nur Otan»**

*На № ДС-152  
от 21 апреля 2021 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно развития племенного животноводства, сообщаю следующее.

В результате осуществления системной поддержки сектора животноводства за последние годы наблюдается устойчивый рост как племенного поголовья, так и товарного поголовья сельскохозяйственных животных.

На сегодняшний день сохраняется положительная динамика роста удельного веса племенных животных. К примеру, если на 1 января 2010 года количество племенного крупного рогатого скота (КРС) во всех категориях хозяйств составляло 344,1 тыс. голов или удельный вес племенных животных к общему поголовью 2,9%, то на 1 января 2021 года количество племенного КРС во всех категориях хозяйств составляло 978,6 тыс. голов или удельный вес племенных животных к общему поголовью вырос до 12,5%, в том числе основное поголовье приходится на отечественные породы как казахская белоголовая и аулиекольская.

Хозяйствами репродукторами ежегодно реализуются более 109 тысяч голов племенного молодняка в фермерские хозяйства страны.

Наблюдается также рост племенного поголовья мелкого рогатого скота (МРС), так например за последние 10 лет количество племенного МРС с 959,5 тыс.голов достигло 2 725,7 тыс.голов или рост на 139,1%, количество племенных лошадей с 109,0 тыс.голов достигло 225,7 тыс.голов или рост на 207,0%.

Наряду с этим, в последние годы наблюдается рост числа хозяйств участников программы селекционной и племенной работы с маточным поголовьем крупного рогатого скота (породное преобразование), с использованием быков-производителей мясного направления продуктивности.

Так, в 2016 году количество хозяйств, занимающихся породным преобразованием КРС составляло 15,8 тыс. ед., то по итогам 2020 года 25,3 тысяч фермерских хозяйств, занимаются породным преобразованием.

Стоит отметить, что за счет мер государственной поддержки наблюдается рост продуктивности скота в организованных хозяйствах, так средний живой вес скота в сельхозпредприятиях за последние пять лет увеличился на 2,5 % или с 400 кг до 411 кг.

Поддержка племенного животноводства осуществляется как через механизмы кредитования на льготных условиях, так и через субсидирование.

В частности, через инструменты субсидирования стоимости приобретенных племенных животных и удешевления затрат на ведение

селекционной и племенной работы, при этом субсидируется стоимость приобретенного отечественного так и зарубежного скота.

Импорт товарного и племенного скота предназначен для обеспечения скотом расширяющегося класса мелких и средних фермеров семейного типа. За счет субсидирования завоза племенного поголовья КРС зарубежной селекции, на сегодняшний день доля племенного поголовья значительно увеличилась и составила вышеуказанного 12,5% показателя от общего поголовья КРС.

*Касательно осуществления государственной поддержки строительства молочно-товарных ферм (МТФ).*

По итогам 2020 года введены в эксплуатацию 49 промышленных и семейных МТФ с общим поголовьем 16,8 тыс. голов коров крупного рогатого скота и производственной мощностью до 102,6 тыс. тонн молока в год, из них 19 промышленных МТФ с общим поголовьем 13,6 тыс. голов коров крупного рогатого скота и производственной мощностью до 92,4 тыс. тонн молока в год.

В условиях пандемии Правительство приложило максимум усилий для открытия и модернизации МТФ. Так, в рамках Правил субсидирования развития племенного животноводства, повышения продуктивности и качества продукции животноводства увеличены нормативы субсидирования за приобретение импортированного племенного маточного поголовья с 225 до 400 тысяч тенге за голову, отечественного – со 150 до 200 тысяч тенге за голову. Также за удешевление стоимости молока норматив субсидирования за один килограмм произведенной продукции теперь варьирует от 20 до 45 тенге. Ранее фермер мог рассчитывать на поддержку 10-35 тенге за килограмм молока.

Для стимулирования открытия современных молочно-товарных ферм в прошлом году было введено 25%-ное возмещение затрат на приобретение техники и оборудования, а также строительно-монтажные работы. Кроме того реализуется льготное финансирование строительства промышленных молочно-товарных ферм со ставкой вознаграждения 6% и сроком до 10 лет.

*Касательно снижения ставки кредитования строительства МТФ и введения льготного периода на погашение кредита.*

На сегодняшний день при ценообразовании ставка вознаграждения по кредитным продуктам устанавливается исходя из стоимости заемных средств, административных расходов, надбавки за кредитный риск и маржи рентабельности.

Стоит отметить, что направления на закуп племенного КРС, а также строительство МТФ финансируются по коммерческим продуктовым линейкам на рыночных условиях. Ценообразование данных продуктовых линеек напрямую зависит от стоимости заемного капитала и источников привлеченных средств в купе с микшированием с собственными средствами, с целью получения благоприятной ставки фондирования для фермера.

В связи с чем, для реализации данных программ кредитующие организации прибегает к привлечению денежных средств с рынков капитала без получения льготного периода. При этом, необходимо отметить, что с учетом текущей рыночной конъюнктуры рынка капитала, средняя стоимость заимствования в настоящее время составляет порядка 12-13% годовых.

В связи с чем, принимая во внимание данную политику ценообразования

ставок кредитования, снижение ставки кредитования на строительство МТФ не представляется возможным.

В настоящее время действующими Программами кредитования «Сыбага», «Агробизнес», «Ырыс» предусмотрены следующие льготные периоды по погашению основного долга и вознаграждения:

- по программе «Сыбага» - не более 30 месяцев;
- по программе «Агробизнес» - не более 24 месяцев;
- по программе «Ырыс» - не более 24 месяцев.

При этом льготный период был установлен исходя из установленных норм и сроков производственного цикла и технологического процесса животноводства с учетом кредитной нагрузки и возможности погашения своих кредитных обязательств.

Таким образом, при правильной организации технологического процесса и соблюдении основных требований программ, срок льготного периода является оптимальным.

**Р. Скляр**

*исп.: Д. Калиев  
тел.: 74-55-10*